

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС  
САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
НОРМАТИВТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ МЕН ҚАЙТА  
ӘЗІРЛЕУДІҢ БАҒАСЫН АНЫҚТАУ**

---

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТОИМОСТИ РАЗРАБОТКИ И  
ПЕРЕРАБОТКИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ  
НОРМАТИВОВ В ОБЛАСТИ АРХИТЕКТУРЫ,  
ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА И СТРОИТЕЛЬСТВА**

**ҚР ҚБҚ 8.02-01-2014  
РДС РК 8.02-01-2014**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы №156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ :** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ с 01 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	2
5 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ӨЗІРЛЕУДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨЗІРЛЕУДЕГІ ЕҢБЕК СІҢІРГІШТІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	3
5.1 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудегі еңбек сіңіргіштікті бағалаудың әдістемесі.....	3
5.2 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сіңіргіштікті анықтау.....	6
6 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ӨЗІРЛЕУДІҢ (ҚАЙТА ӨЗІРЛЕУДІҢ) БАҒАСЫН АНЫҚТАУДЫҢ ТӘРТІБІ.....	10
7 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРУДЫҢ БАҒАСЫ.....	11

**КІРІСПЕ**

Нормативтік базаның жаңа жүйесіне көшу құрылыс саласының нормативтік-техникалық құжаттарын Еуропаның дамыған елдерінің және жақын шетелдердің халықаралық және мемлекетаралық нормаларымен үйлестіру жолы арқылы жүзеге асырылады.

Құрылыстағы басшылық құжат ҚР ҚБҚ 8.02-01-2014 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу мен қайта әзірлеудің бағасын анықтау» нормативтік құжаттардың жаңасын әзірлеудің және қолданыстағыларды қайта әзірлеудің бағасын анықтаудың тәртібін белгілейтін нормативтік құжат ретінде Қазақстан Республикасы аумағында әрекетке енгізіледі.

Жаңа нормативтік құжат нормативтерді әзірлеудегі және қайта әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктi анықтау негiзiнде нормативтердi әзiрлеу мен қайта әзiрлеудiң нақты шығындары мен күрделiлiгiн белгiлеудiң есебiмен, нормативтiк-техникалық құжаттардың жобаларының жаңа нұсқаларын дайындау жолы арқылы әзiрленген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ  
БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

---

**СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК НОРМАТИВТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ МЕН ҚАЙТА ӘЗІРЛЕУДІҢ  
БАҒАСЫН АНЫҚТАУ**

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТОИМОСТИ РАЗРАБОТКИ И ПЕРЕРАБОТКИ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ НОРМАТИВОВ В ОБЛАСТИ АРХИТЕКТУРЫ,  
ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА И СТРОИТЕЛЬСТВА**

---

Енгізілген күні 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыстағы басшылық құжаты мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттардың жаңасын әзірлеуге және қолданыстағыларын қайта әзірлеуге таралады.

1.2 Осы құрылыстағы басшылық құжаты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттардың мазмұнының жаңалығы мен күрделілігіне байланысты белгіленетін уақыт пен еңбек шығындарының нормаларының негізгі параметрлерін белсендірудің есебімен жаңа нормативтерді әзірлеудің және қолданыстағы нормативтерді қайта әзірлеудің бағасын анықтауға қатысты негізгі қағидаттарды анықтайды және кешенді міндетті талаптар мен қағидаларды белгілейді.

1.3 Осы нормативтің қағидалары мемлекеттік қаржының есебінен мемлекеттік нормативтік құжаттарды әзірлеу мен қайта әзірлеуді жүзеге асыратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері-қатысушылары үшін Қазақстан Республикасы аумағында міндетті қолдануға тиесілі, ал мемлекеттік емес тапсырыс беруші-ұйымдар үшін кепілдемелік сипатқа ие.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

ҚР ҚН 1.01-01-2011 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі қағидалар».

ҚР ҚБҚ 1.01-01-2001 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің жобаларын әзірлеуге қатысты жұмыстарды жүргізудің тәртібі.

ҚР СТ 1.1-2005 Қазақстан Республикасының техникалық реттеу мемлекеттік жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

## **ҚР ҚБҚ 8.02-01-2014**

ҚР СТ 1.5-2013 Қазақстан Республикасының техникалық реттеу мемлекеттік жүйесі. Стандарттарды құрастыруға, баяндауға, рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 24.11.2001 жылғы № 275-п «Мемлекеттік органдарда НҚА мен басқа да құжаттарды орыс тілінен мемлекеттік тілге және мемлекеттік тілден орыс тіліне аударуға қатысты жұмыстардың уақытының типтік нормалары» бұйрығы.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде сілтемелік құжаттардың әрекетін ағынды жыл жағдайы бойынша жасалатын және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналға сай келетін ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының көрсеткіші», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттарының көрсеткіші» каталогтары бойынша тексеру мақсатқа сай келеді. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыстағы басшылық құжатта ҚР СТ 1.1 берілген тиісті терминдер мен анықтамалар қолданылған.

### **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы ережелерде белгіленген жұмыстардың бағасы ҚР ҚН 1.01-01 және 2-бөлімде көрсетілген басқа нормативтерде баяндалған талаптарға сәйкес мемлекеттік нормативтерді әзірлеуге (қайта әзірлеуге), рәсімдеуге, келісу мен қабылдауға дайындауға қатысты жұмыстарды жүргізуді қарастырады.

4.2 Нормативтік құжаттарды жасаудың құны мен еңбек сiңiргiштiгiн бағалау:

- нормативтік құжаттарды әзірлеу мен қайта әзірлеуге шарт жасасқан кезде;  
- тақырыптық жоспарды қалыптастыру жоспарларын және нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу мен қайта әзірлеу жөніндегі бағдарламаларды құру кезінде жүргізіледі.

4.3 Мемлекеттік нормативтерді (құрылыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды) әзірлеу мен қайта әзірлеудің бағасы оларды әзірлеудегі немесе қайта әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктен, орындаушылардың бiлiктiлiк құрамынан, еңбек ақының, материалдық шығындардың деңгейінен, мемлекеттік, орыс және басқа тілдерге аудару қажеттілігінен, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мемлекеттік бюджетке міндетті аударымдар мен төлемдерден, сараптамалық бағалау жүргізуге шығатын шығыннан шыға анықталады.

4.4 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, қайта қарастыру және өзгертулер енгізу кезеңдерінің құнын бағалау, сонымен қатар оларға сараптама жүргізу осы басшылық құжаттың қағидаларына сәйкес қайта әзірленетін мемлекеттік нормативтердің бағасына пайызбен белгіленеді.

## 5 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӘЗІРЛЕУДЕГІ ЕҢБЕК СІҢІРГІШТІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

### 5.1 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктi бағалаудың әдiстемесi

5.1.1 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу және қайта әзірлеу осы жұмыстарға тартылатын мамандардың біліктілігінің, қиындығының, нормативтік құжаттардың көлемінің және жаңашылдығының есебімен орындалатын жұмыстардың негізінде іске асырылады.

5.1.2 Нақты мемлекеттік нормативті әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктi бағалау кезінде мемлекеттік нормативтің бір бетін әзірлеуге қолданбалы базалық еңбек сiңiргiштiк ( $E_6$ ) бағаланады.

5.1.3 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктi бағалау кезінде қажетті шығындарды, оның ішінде орыс тілінен мемлекеттік тілге немесе мемлекеттік тілден орыс тіліне аударуға шығатын шығындарды ескеру керек.

5.1.4 Беттің  $N$  санынан тұратын мемлекеттік нормативті әзірлеудегі жалпы еңбек сiңiргiштiктi бағалау ( $E_c$ , адам/күн) төмендегі формула бойынша анықталады:

$$E_c = E_6 \times N \times q_{Nc} \times q_{\text{үйл}} \times q_{\text{жаң}} \quad (1)$$

мұнда  $E_6$  – мемлекеттік нормативтің бір бетін әзірлеудегі базалық еңбек сiңiргiштiк, адам/күн;

$N$  – әзірленетін және бекітуге жоспарланған мемлекеттік нормативтің бетінің саны;

$q_{Nc}$  – мемлекеттік нормативтің көлеміне (бетпен саналады) байланысты мемлекеттік нормативті әзірлеудегі (әзірлеу үшін жоспарланған беттерде) еңбек сiңiргiштiктiң коэффициенті;

$q_{\text{үйл}}$  – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің нақты қарастырылатын саласы үшін басқа арнайы талаптарды, ережелерді, қағидаларды, есептеу әдістерін, конструктивтік шешімдерді және басқа нормативтер мен қолданысқа енгізілген үйлестірілген ұлттық нормативтерден алынғандарды қолдануды анықтайтын үйлестіру деңгейінің коэффициенті;

$q_{\text{жаң}}$  – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің нақты саласындағы (жаңа технология және терминологиямен, жаңа талаптармен, ережелермен, қағидалармен, есептеу әдістерімен, конструктивтік шешімдермен ж.б. функционалдық байланысқан) жаңалықтың коэффициенті.

5.1.5 Жұмыстың мазмұндамалық бөлігін, сонымен қатар оларды орындау үшін талап етілетін (үлестік қатысу) әзірлеуші-мамандардың және сарапшылардың біліктілігін анықтау арқылы мемлекеттік нормативтердің бір бетін әзірлеуге шығатын жалпы түрдегі

## ҚР ҚБҚ 8.02-01-2014

нормативтік еңбек сіңіргіштік 1-кестеде берілген.

5.1.6 Мемлекеттік нормативті әзірлеуге (қайта әзірлеуге) қатысты жұмыстардың кезеңдері мен түрлерінің еңбек сіңіргіштігінің нормативтік мәндері орташа статистикалық тәсіл кезінде өңделген және талданған жұмыс кезеңдерінің еңбек сіңіргіштігінің сараптамалық бағасына негізделеді, нормативтің әрбір нақты түрін әзірлеудің ерекшеліктерімен түзетілген.

5.1.7 Нормативтің тиісті бөлімін әзірлеудің нормативтік еңбек сіңіргіштігі нормативтің сол бөлімін әзірлеудің көлеміне кіретін тиісті технологиялық операцияларды орындаудың нормативтік еңбек сіңіргіштігінің шамаларын сомалау жолымен анықталады. Тиісті кезеңді орындаудың нормативтік еңбек сіңіргіштігі өз кезегінде сол операцияны құрайтын технологиялық әрекеттердің орташа статистикалық нормативтік еңбек сіңіргіштігінің шамаларын сомалау жолымен анықталады (2-кесте).

### 1-кесте – Мемлекеттік нормативтің бір бетін әзірлеуге шығатын жалпы түрдегі нормативтік еңбек сіңіргіштік

Маманның біліктілігі	Жұмыстың мазмұндамалық бөлігі	Нормативтік еңбек сіңіргіштік $E_{н}$ , адам/күн*	Қатысудағы үлестік салмағы
1. Бөлімше жетекшісі (т.ғ.д., т.ғ.к.)	Жұмысты басқару, жобаға жетекшілік ету	$E_1$	0,1
2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес біліктілікке сай анықталатын мемлекеттік нормативті әзірлеу кезіндегі нақты пәндік саладағы топтың жетекшісі-маман-әзірлеуші (т.ғ.д., т.ғ.к.)	Жаңа терминдер мен семантикалық конструкциялардың сәйкестілігін сараптау, мөлшерлеу объектілеріне қойылатын талаптарды әзірлеу және әзірленетін нормативті халықаралық нормалармен және стандарттармен үйлестірудің есебімен ғылыми редакциялау	$E_2$	0,2
3. Стандарттау және мөлшер шығармашылығы саласындағы әзірлеуші-маман (т.ғ.к., бас маман)	Мәтінді тексеру және түзету. Әзірленетін норматив талаптарын Техникалық мөлшерлеудің ұлттық жүйесінің қағидаларына сәйкестендіру және терминологиялық бірлік пен қолданыстағы мемлекеттік	$E_3$	0,3



**1-кесте – Мемлекеттік нормативтің бір бетін әзірлеуге шығатын жалпы түрдегі  
нормативтік еңбек сіңіргіштік (жалғасы)**

Маманның біліктілігі	Жұмыстың мазмұндамалық бөлігі	Нормативтік еңбек сіңіргіштік $E_n$ , адам/күн*	Қатысудағы үлестік салмағы
	(ұлттық) (мемлекетаралық) нормативтерге өзгерту енгізуге қатысты ұсыныстар әзірлеуді қоса, қолданысқа енгізілген мемлекеттік (ұлттық) және мемлекетаралық нормативтермен (стандарттармен) үйлестіру		
5. 1-санатты менеджер (басқарушы маман)	Жобаның негізгі бөлімін әзірлеу, мәтіндерді жинақтауға қатысты жұмыстарды орындау және графикалық материалдары мен есептеу әдістемесі бар норматив жобасының редакцияларын дайындау, өзгертулер мен толықтырулар енгізу	$E_4$	0,4
<b>Нормативтік еңбек сіңіргіштік: <math>E_n = E_1 + E_2 + E_3 + E_4</math></b>			

**2-кесте – Нормативтерді әзірлеудегі нормативтік еңбек сіңіргіштік**

Мемлекеттік нормативтің түрі	Нормативтік еңбек сіңіргіштік*				
	$E_c$ , адам/ай( $E_1+E_2+E_3+E_4$ )	мамандардың орташа статистикалық нормативтік еңбек сіңіргіштігі			
		$E_1$	$E_2$	$E_3$	$E_4$
Мемлекеттік қала құрылыстық нормативтер мен регламенттер	<b>24,5</b>	2,45	4,9	7,35	9,8
Мемлекеттік құрылыс нормалары	<b>24,4</b>	2,44	4,9	7,35	9,8
Жобалау және құрылыс салу жөніндегі ережелер жинақтары	<b>23,1</b>	2,31	4,62	6,93	9,24

2-кесте – Нормативтерді әзірлеудегі нормативтік еңбек сiңiргiштiк  
(жалғасы)

Мемлекеттік нормативтің түрі	Нормативтік еңбек сiңiргiштiк*				
	E <sub>c</sub> , адам/ай(E <sub>1</sub> +E <sub>2</sub> +E <sub>3</sub> +E <sub>4</sub> )	мамандардың орташа статистикалық нормативтік еңбек сiңiргiштiгi			
		E <sub>1</sub>	E <sub>2</sub>	E <sub>3</sub>	E <sub>4</sub>
Технологиялық жобалау нормалары	<b>20,3</b>	2,03	4,06	6,09	8,12
Мемлекеттік стандарттар	<b>20,9</b>	2,09	4,18	6,27	8,36
Арнайы техникалық шарттар АТШ	<b>22,0</b>	2,2	4,4	6,6	8,8
Құрылыстағы басшылық құжаттары	<b>19,7</b>	1,97	3,94	5,91	7,88
Нормативтік-техникалық құралдар	<b>19,6</b>	1,96	3,92	5,88	7,84
Әдістемелік құжаттар мен нұсқаулықтар	<b>19,5</b>	1,95	3,9	5,85	7,8
Технологиялық карталар	<b>20,5</b>	1,93	3,86	5,79	8,92
Сметалық нормалар	<b>24,4</b>	2.12	4.58	6.95	10,75
Сметалық бағалардың жинақтары	<b>18,4</b>	1.05	2.18	4.61	10,56
Мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау және қадағалау, сәйкестілікті бағалау нормативтері	<b>18,4</b>	1,84	3,68	5,52	7,36
Қағидалар	<b>18,7</b>	1,87	3,74	5,66	7,48
* Сараптамалық бағалаудың негізінде анықталады. Орташа статистикалық еңбек сiңiргiштiк алдыңғы жылдардың тәжірибесіне жүргізілген талдаудың негізінде анықталды					

**5.2 Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сiңiргiштiктi анықтау**

5.2.1 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сiңiргiштiктi анықтауға қатысты жұмыстардың құрамына нормативтік әзірлеуге жасасқан шартқа дейін тапсырыс беруші дайындаған техникалық тапсырмадан басқа, нормативті әзірлеудің

барлық кезеңдері жатады.

5.2.2 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктi есептеуге арналған шығыс деректерге:

- мемлекеттік нормативті әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктiң базалық нормативi;
- мемлекеттік норматив бетiнiң санын ескеретiн коэффициент жатады.

5.2.3 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сiңiргiштiк  $T_{нә}$ , адам/ай, нормативтiң жаңашылығы мен үйлестiру сипаттарын бiрiктiру есебi арқылы түрленген, (1) формула бойынша нормативті әзірлеудiң эксперименталдық бағасы мен күрделiгiнiң негiзiндегi базалық нормативтiк еңбек сiңiргiштiк бойынша келесi формула арқылы анықталады:

$$T_{нә} = T_{бн} \times q_{Nc} \times q_{жаң} \quad (2)$$

мұнда  $T_{бн}$  – әзірлеудiң нормативтiк еңбек сiңiргiштiгi мен әзірленетiн нормативтiң күрделiлiк коэффициентiне байланысты анықталатын мемлекеттiк нормативтi әзірлеудегi еңбек сiңiргiштiктiң базалық нормативi, адам/ай;

$q_{Nc}$  – мемлекеттік норматив бетiнiң санын ескеретiн коэффициент;

$q_{жаң}$  – оны 5-кестеге сай халықаралық нормативтермен үйлестiрудiң есебi бар әзірленетiн немесе қайта әзірленетiн мемлекеттiк нормативтiң жаңашылығының коэффициентi.

5.2.4 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі еңбек сiңiргiштiктiң базалық нормативiнiң мәні келесi шамаларды ескеру арқылы анықталады:

$E_n$  – оның күрделiлiгiн, оның iшiнде ғылым сiңiргiштiгiн бағалаудың белгiленген орташа статистикалық амалына негiзделген, нақты түрдегi нормативтi әзірлеудегi нормативтiк еңбек сiңiргiштiк (3-кесте);

$q_{күр}$  – әзірленетiн нормативтiң замани ғылым мен техниканың келешектi көрсеткiштерiн; құрылыстағы нормалау бойынша елдердiң халықаралық немесе өңiрлiк нормативтерiне сәйкес келетiн көрсеткiштердi; сонымен қатар қағидаттық жаңа шешiмдердi, нормалау саласындағы қайта енгiзiлген талаптарды ескеретiн күрделiлiк коэффициентi.

Мемлекеттiк нормативтi әзірлеу күрделiлiгiнiң коэффициентiнiң  $q_{күр}$  жоғарыда көрсетiлген факторлардың ықпал ету деңгейiне байланысты үш мәні (күрделiлiктiң үш тобы) болуы мүмкiн:

**Күрделiлiктiң I-тобы** – өнiмнiң нақты түрiне немесе қызметтiң қысаң бағытына талаптарды белгiлейтiн мемлекеттiк нормативтер;

**Күрделiлiктiң II-тобы** – өнiмнiң топтық түрiне немесе бiрнеше мамандандырылған бағыттарды қамтитын қызметтiң кең бағытына қойылатын талаптарды регламенттейтiн нормативтiк құжаттар;

**Күрделiлiктiң III-тобы** – өнiмнiң нақты не топтық түрiне немесе нақты халықаралық нормативтiк құжаттармен және ИСО, СЕН ұйымдарымен, экономикалық тұрғыдан дамыған елдердiң ұлттық стандарттарымен үйлестiрiлген қызметтiң бағытына қойылатын талаптарды регламенттейтiн мемлекеттiк нормативтер.

5.2.5 Мемлекеттiк нормативтi әзірлеу кезiнде анықталатын жұмыстың еңбек сiңiргiштiгiнiң нормативтiк мәндерi мен күрделiлiк коэффициентi  $q_{күр}$  3-кестеде берiлген.

5.2.6 Әзірлеудегi базалық еңбек сiңiргiштiк мына формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{бн}} = E_{\text{н}} \times q_{\text{күр}} \quad (3)$$

3-кесте – Мемлекеттік нормативті әзірлеу кезінде анықталатын жұмыстың еңбек сiңiргiштiгiнiң нормативтiк мiндерi мен кiрделiлiк коэффициентi  $q_{\text{күр}}$

Мемлекеттік нормативтің түрі	Нормативтік еңбек сiңiргiштiк $E_{\text{н}}$ , адам/ай	Берілген кiрделiлiк топтары бойынша $q_{\text{күр}}$ мәнi		
		I	II	III
1	2	3	4	5
Мемлекеттік қала құрылыстық нормативтер мен регламенттер	24,5	0,68	0,75	0,9
Мемлекеттік құрылыс нормалары	24,4	0,65	0,76	0,91
Жобалау және құрылыс салу жөнiндегi ережелер жинақтары	23,1	0,66	0,75	0,90
Технологиялық жобалау нормалары	20,5	0,65	0,73	0,81
Мемлекеттік стандарттар	20,9	0,65	0,69	0,80
Арнайы техникалық шарттар АТШ	22,0	0,68	0,75	0,91
Құрылыстағы басшылық құжаттары	19,7	0,66	0,73	0,85
Нормативтік-техникалық құралдар	19,6	0,63	0,71	0,84
Әдiстемелiк құжаттар мен кепiлдемелер	19,5	0,62	0,7	0,83
Технологиялық карталар	20,5	0,65	0,7	0,80
Сметалық нормалар	24,4	0,65	0,76	0,91
Сметалық бағалардың жинақтары	18,4	0,64	0,71	0,77
Мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау және қадағалау, сәйкестiлiктi бағалаудың нормативтерi	18,4	0,64	0,71	0,77
Қағидалар	18,7	0,64	0,69	0,74

5.2.7 Әзірленетін (қайта әзірленетін) мемлекеттік норматив бетінің (A4 Word

форматында жоларалық интервалы 1,15, 12-шрифт) санын ескеретін  $q_{Nc}$  коэффициенті 4-кесте бойынша анықталады.

5.2.8 Халықаралық және мемлекетаралық нормалармен үйлестірілген мемлекеттік нормативті әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сiңiргiштiктi бағалау кезiнде әзiрленетiн (қайта әзiрленетiн) құжаттың жаңалығының деңгейi 5-кесте бойынша пайдаланылады.

5.2.9 Мемлекеттік нормативті әзірлеудегі (қайта әзірлеудегі) еңбек сiңiргiштiктi бөлу төмендегiдей болуы керек:

15 % – шарт жасасу, техникалық тапсырманы әзірлеу және бекіту, ақпарат жинау, жұмыс бағдарламаларын дайындау ж.т.б.;

60 % – мемлекеттік нормативтің бірінші редакциясының жобасын әзірлеу және пікір алу үшін тарату;

25 % – мемлекеттік нормативтің соңғы редакциясының жобасын әзірлеу, келісу және бекіту мен қабылдауға ұсыну.

**4-кесте – Әзірленетін (қайта әзірленетін) мемлекеттік нормативтің көлемін (бет санын) ескеретін коэффициенттің  $q_{Nc}$  мәндері**

Бет саны (2000 белгісі бар А4 формат)	10 дейін	11-20	21-30	31-40	41-50	51-60	61-80	81-100	101-150*
$q_{Nc}$ мәні	0,25	0,33	0,66	0,75	1,00	1,25	1,33	1,66	1,75
* - мемлекеттік нормативтің 150 беттен асатын көлемі кезінде әрбір кейінгі 10 бетке 1,75 коэффициентіне 0,1 қосу керек									

**5-кесте – Әзірленетін немесе қайта әзірленетін мемлекеттік нормативтің жаңашылдығының деңгейін ескеретін коэффициенттің  $q_{жаң}$  мәні**

№	Жұмыстардың атауы	$q_{жаң}$ мәні
1	Жаңа мемлекеттік нормативтік әзірлеу	1,50
2	Халықаралық нормалармен үйлестірілген жаңа мемлекеттік нормативті әзірлеу	1,2
3	Мемлекетаралық нормалармен үйлестірілген жаңа мемлекеттік нормативті әзірлеу	1,0
4	Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 30% дейінгі мазмұнын пайдалану арқылы мемлекеттік нормативті қайта әзірлеу	0,75
5	Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 30%-60% дейінгі мазмұнын пайдалану арқылы қайта әзірлеу	0,55
6	Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 60 % аса мазмұнын пайдалану арқылы мемлекеттік нормативті қайта әзірлеу	0,40

Ескертпе - Қайта әзірленетін мемлекеттік нормативті халықаралық және мемлекетаралық нормалармен үйлестіру кезінде  $q_{жаң}$  мәндері қайта әзірлеудің тиісті коэффициенттерін 0,15 арттыру арқылы қабылданады

**6 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ (ҚАЙТА ӘЗІРЛЕУДІҢ)  
БАҒАСЫН АНЫҚТАУДЫҢ ТӘРТІБІ**

6.1 Барлық түрдегі және күрделілік топтарындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің және қайта әзірлеудің бағасы мына формула бойынша есептелінеді:

$$B_{\text{эк}} = J_{\text{ор}} \times E_{\text{нэ}} \times K_{\text{у}} + B_{\text{ауд}} \quad (4)$$

мұнда  $B_{\text{эк}}$  – әзірлеудің (қайта әзірлеудің) бағасы, теңге;

$J_{\text{ор}}$  – нормативті әзірлеуге қатысатын мамандардың орташа айлық жалақысы, теңге;

$E_{\text{нэ}}$  – 2-формула бойынша анықталған мемлекеттік нормативті әзірлеудегі немесе қайта әзірлеудегі еңбек сіңіргіштік, адам/ай;

$K_{\text{у}}$  – нормативті әзірлеуді (қайта әзірлеудің) жүзеге асыратын ұйымның жанама шығындарының (жүкқұжат, пайдалануға беру, материалдық және басқа да шығындары) коэффициенті. Сонымен қатар коэффициент ҚҚС қоса, мемлекеттік бюджетке төленетін міндетті аударымдар мен есептерді де ескереді. Есептеу кезінде 2,5 тең етіп қабылданады;

$B_{\text{ауд}}$  – мемлекеттік нормативтің аудармасының бағасы.

6.2 Еңбек ақының орташа айлық қорын есептеу кезінде жұмыс төмендегідей төрт адамнан тұратын орындаушылар тобымен (инженерлік-техникалық қызметкер) жүзеге асырылады деп қабылданады:

- бөлімше жетекшісі;
- топтың жетекшісі;
- бас маман;
- басқарушы маман.

Еңбек ақының орташа айлық қоры құрылыс саласындағы нақты орташа айлық жалақының, маманның еңбек ақысы қорының коэффициентінің, 6-кесте бойынша орындаушылардың қатысуының салыстырмалық салмағының есебіне сәйкес мемлекеттік нормативті әзірлеуге немесе қайта әзірлеуге маманның қатысуының үлестік салмағының негізінде анықталады.

6.3 Инженерлік-техникалық қызметкердің орташа айлық жалақысы құрылыс саласындағы нақты орташа айлық жалақының, маманның еңбек ақысы қорының коэффициентінің, 6-кестеге сай мемлекеттік нормативті әзірлеуге немесе қайта әзірлеуге маманның қатысуының үлестік салмағының және негізгі өндірістік қызметкердің еңбекақы қорынан 16 пайыз мөлшерде әкімшілік-шаруашылық қызметкердің еңбекақысына шығатын шығындардың негізінде мына формула бойынша есептелінеді:

$$J_{\text{ор}} = (2,0 \times 0,1 + 1,5 \times 0,2 + 1,3 \times 0,3 + 1,0 \times 0,4) \times J_{\text{оак}} \times 1,16 \times \text{МЕК}_{\text{оак}} \times \text{МЕК}_{\text{жос}} = 1,497 \times J_{\text{оак}} \times \text{МЕК}_{\text{жос}} \times \text{МЕК}_{\text{оак}} \quad (5)$$

мұнда  $J_{\text{оак}}$  – құрылыс саласындағы орташа айлық жалақы, мемлекеттік нормативті әзірлеу немесе қайта әзірлеудің бағасын анықтаудың күнінен алдыңғы жылдың статистикасы бойынша уәкілетті мемлекеттік органның ресми деректері бойынша қабылданады;

$\text{МЕК}_{\text{оак}}$  – құрылыс саласындағы орташа айлық жалақының мәнін есептеу үшін тиісті

қабылдау жылының минималдық есептік көрсеткіші;

МЕК<sub>жос</sub> – ішінде мемлекеттік нормативті әзірлеу немесе қайта әзірлеу жоспарланған жыл үшін бекітілген минималдық есептік көрсеткіш.

**6 -кесте – Мемлекеттік нормативті әзірлеу немесе қайта әзірлеу кезіндегі еңбек ақының орташа айлық қоры**

№	Орындаушының лауазымы	Маманның еңбекақы қорының құрылыс саласындағы нақты орташа айлық жалақысына коэффициенті	Қатысудың үлестік салмағы
1	Бөлімше жетекшісі	2,0	0,1
2	Топтың жетекшісі	1,5	0,2
3	Бас маман	1,3	0,3
4	Басқарушы маман	1,0	0,4

**7 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ЖӘНЕ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРУДЫҢ БАҒАСЫ**

7.1 Нормативтік құжатты мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерге аударудың бағасы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$1,201 \times K_6 \times J_{op} \times 21,5 \quad B_{aud} = \quad (6)$$

мұнда  $B_{aud}$  – мемлекеттік нормативтің аудармасының бағасы;

1,201 – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 24.11.2001 жылғы № 275-п бұйрығына сәйкес 1 баспа бетін аудару және толық жазбаша аударманы редакциялау үшін норма болып табылатын құжатты аударудың коэффициенті;

$K_6$  – аударма бетінің (2000 белгісі бар А4 форматтағы) көлемі;

$J_{op}$  – жұмысшылар еңбекақысының орташа айлық қоры, теңге.





**СОДЕРЖАНИЕ**

ВВЕДЕНИЕ .....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	2
5. МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ТРУДОЕМКОСТИ РАЗРАБОТКИ И ПЕРЕРАБОТКИ НОРМАТИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ.....	3
5.1 Методика оценки трудоемкости разработки государственных нормативов .....	3
5.2 Определение трудоемкости разработки (переработки) государственного норматива.....	5
6. ПОРЯДОК ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТОИМОСТИ РАЗРАБОТКИ (ПЕРЕРАБОТКИ) НОРМАТИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ .....	8
7 СТОИМОСТЬ ПЕРЕВОДА НОРМАТИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ НА ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК ИЛИ НА ДРУГИЕ ЯЗЫКИ.....	10

## **ВВЕДЕНИЕ**

Переход на новую систему нормативной базы, осуществляется путем гармонизации нормативных технических документов строительной отрасли с международными и межгосударственными нормами развитых стран Европы и ближнего зарубежья.

Настоящий руководящий документ в строительстве вводится в действие на территории Республики Казахстан в качестве нормативного документа, устанавливающего порядок определения стоимости разработки новых и переработки действующих государственных нормативов в области архитектуры, градостроительства и строительства.

